

Елек негізгі орта мектебі  
«Балалар және театр» жобасы бойынша жылдық есебі  
2022-2023 оқу жылы

Елек негізгі орта мектебінің «Балалар және театр» жобасын жүзеге асыру бойынша «Елек сахнасы» атты клубының 2022 жылға іс-шаралар жоспары құрылып, жоспарына сәйкес шаралар өткізілді. Мақсаты: Балалар тілін дамытуда, олардың өмірге деген көркемдік көзқарастарын қалыптастыруда театрландырылған қойылымдар ерекше рөл атқаруы. «*Ертегілер әлемі*» атты мектеп оқушылары сыныптар арасында ертегілер қойылымдарын ұсынды. Мақсаты: Балалар тілін дамытуда, олардың өмірге деген көркемдік көзқарастарын қалыптастыруда театрландырылған қойылымдар ерекше рөл атқарады. «*Ертегілер еліне саяхат*» атты мектепшілік 1-9 класс оқушыларына қойылым өткізілді. Атап айтсақ: «Қоян мен қонжық», «Арыстан мен тышқан», «Жақсылық пен жамандық», «Қарға мен түлкі», «Үйшік», «Етікші». Оқушылар өздерінің ертегі кейіпкерлерін сомдап әртістік қабілеттерін шыңдап, көңілді сахналады. Балалар кейіпкерлерді ойнай отырып, олардың іс-әрекеттері мен мінез-құлықтарын береді және ойын арқылы тілдерін дамыта отырып, адамгершілік жақсы қасиеттері қалыптасады. Барлық сыныптар жоғары дәрежеде өз өнерлерін көрсетті. Шара соңында мектеп директоры Д.Д.Ибрашева «Үздік актёрлар» мен «Үздік қойылымды» марапаттады.

«Театр - балалар көзімен» эссе жазу жұмыстары жүргізілді. Мақсаты оқушылардың шығармашылық қабілеттерін шындай отырып, театр әлеміне жетелеу.



Көркем шығарманы кейіптендіруде балалар басты кейіпкерді, образды сахналау арқылы оны өз бойынан өткізеді. Бала көркем шығарманы кейіптендіруде образға тез еніп, әсерленгіш, еліктегіш, сенгіш және оны шындық деп қабылдайды. Мұндайда балалар өз сезімін ашық білдіреді. Мұндайда қиял-ғажайып ертегілер, аңыз-әңгімелер оқып, оны түсіндірудің маңызы зор болып табылады. Ойын сәттері балалардың шығармашылығын ұштайды десек, оның қалыптасуына өнердің де түрлері ықпал етеді. Музыка тыңдау, сабақ оқу, ертегі айту балада басқа да көңіл күй тудырып, образды жандандырады. Бұл жерде, әрине, шығармашылыққа жеке

тұлғалық тұрғыдан қарау керектігін ескерген жөн. Баланың жеке бас тұлғалық ерекшелігін ескеру – оқытудағы шығармашылықты дамытудың негізгі жағдайларының бірі. Осыған орай «Театр-балалар көзімен» эссе жазу жұмыстары, «Театр-тәрбие бесігі», «Театр мамандарымен таныстыру», «Театр отбасында» тақырыптарында іс-шаралар өткізілді.



Мектеп директоры: Д.Ибрашева



Орындаған: Досмуханова Д.Н.